



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**  
**«Театр тарихы» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В027-Театр өнері**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Антикалық театр. Орта ғасыр театры. Қайта өрлеу дәуіріндегі Батыс Еуропа театры.	01	Ежелгі грек театр. Эллинизм дәуіріндегі театр.	Көне Греция және Рим драмасы мен театрының тууы, қалыптасуы және дамуы туралы хабардар болу.
		02	Көне Рим театры.	
		03	Орта ғасыр театры.	Орта ғасыр театрының жанрлық ерекшелігін білу
		04	Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия және Испания театры	Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия мен Испаниядағы театрлардың ерекшелігі мен дамуы туралы білу.
		05	Қайта өрлеу дәуіріндегі Ағылшын театры. У.Шекспир.	Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын театрының даму ерекшелігін және Шекспир шығармашылығын білу.
02	XVII – XVIII ғ.ғ Еуропа театры.	06	Классицизм дәуіріндегі француз театры	Классицизмнің көркемдік стиль ретінде ерекшелігін білу.
		07	Ағартушылық дәуіріндегі ағылшын театры	Ағартушылық

		08	Ағартушылық дәуірдегі француз театры	дәуіріндегі Батыс Еуропа театрының дамуы туралы білу.
		09	Ағартушылық дәуірдегі Италия театры	
		10	Ағартушылық дәуіріндегі неміс театры	
03	XIX - XX ғ театр.	11	XIX ғасыр француз және ағылшын театры.	XIX ғасырдағы француз және ағылшын театр өнерінің ерекшеліктерін білу.
		12	Скандинавия театры	Скандинавия елдері драматургиясының әлем театр өнерінде алатын орнын білу.
		13	Француз театры XX ғасыр.	XX ғасырдағы француз драматургиясы мен сахналық өнеріндегі ірі өкілдері мен негізгі бағыттарының ерекшелігін білу.
04	Орыс драма театры XVIII – XIX ғ.ғ.	14	Скоморохтар. Халық театры. XVII - XVIII ғ.ғ. Сарай театры. Мектеп театры.	Халық ойындары театр өнерінің бастаулары. Сарайлық, Мектептік театрлардың даму белестерін білу.
		15	XIX ғ орыс театры мен драматургия тарихы. Актер өнеріндегі романтизм	XIX ғ.актерлерлік бағытын, драматургтердің пьесаларын білу.
05	Қазақ театрының халықтық негізі.	16	Халық ауыз әдебиеті – сахна өнерінің негізі. Қазақ театрының құрылуы.	Қазақ театрының алғашқы қалыптасу жолдарын білу.
		17	Қазақ театры соғыс жылдарында (1941-1945)	Соғыс жылдарындағы театр өнеріндегі тақытыптық ерекшеліктерді білу.
		18	Соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ театры(1946-1950)	Тартыссыздық теориясының қалыптасуын білу.

06	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ театры	19	Уақыт талабы театр сахнасында	1960-1980 жж қазақ театр өнерінің даму жолдарын білу.
		20	Режиссер Ә.Мәмбетов	Ә.Мәмбетов кезеңін меңгеру.
		21	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театры. Режиссерлер, актерлер, драматургтер.	1990 жылдардан бастап театрдағы репертуарлық саясат. Режиссерлік ізденістермен, іркілістер.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Театр тарихы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят

(контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Әлемдік өнертану. Үш томдық № 1-т.: Театр өнері. – Алматы: Өлке, 2008 ж. – 328 б.
2. Қазақ театрының тарихы. т. 1. – Алматы: Ғылым, 1975. –
3. Қазақ театрының тарихы. т. 2. – Алматы: Ғылым, 1978. –

4. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасу мен даму кезеңдері (1915-2005):  
Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. 520 б.:
5. Русский драматический театр Учебник для ин-тов культуры, театр. и культ.-просвет. учеб.  
заведений / А. А. Белкин, А. З. Лейн, Н. И. Эльяш и др.; Под ред. проф. Б. Н. Асеева и проф.  
А. Г. Образцовой. - Москва : Просвещение, 1976. - 382 с.

**«КЕЛІСІЛДІ»**  
**Оқу-әдістемелік**  
**бірлестігінің төрағасы**

*Т. Сарманова*  
(Т.А.Ә)

«202» ж.

*Күрмеш*

*Тоқ*

*А*

*Ахметов*